

ОӘЖ 336.647

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТИҢ ДЕПОЗИТТІК САЯСАТЫ

Балғымбекова Ұлжан Нуритдинқызы

balgimbekova.u@mail.ru,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., профессор Мажитов Д.

Қазақстан Республикасының банк жүйесінің тұрақтылығы, көбіне екінші деңгейлі банктердің тұрақтылығымен байланысты болып келеді. Кез-келген мемлекеттің экономикасының дамуы депозиттерді инвестициялауға тиімді ауысуымен тығыз байланысты. Тартылған қаражаттарды тиімді басқару банктің депозиттік саясатының жасалуын көздейді.

Қазақстан банктерінің депозиттік операциялары пассивтік операциялардың ең басты және негізгі бағыты болғандықтан банктің ресурстарының көп бөлігі осы депозиттік агенттер есебін қамтиды. Сондықтан Қазақстан банктері депозиттермен айналыспас бұрын депозиттік саясат құрып қалыптастырып отыруы керек. Депозиттік саясат дегеніміз-коммерциялық банктердің нарықтық ортада сырттан қаражат тарту мақсатында және өзінің қалыптасқан депозиттік портфелін тиімді басқару үшін ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жиынтығы [1]7

Коммерциялық банктің депозиттік саясаты салым иелерінің ақшалай қаржаттарын депозитке тарту және тартылған қаражаттарды тиімді басқарумен байланысты банктік саясатты білдіреді.

Депозиттік саясат банктің қаражаттарды тартумен байланысты стратегиясы мен тактикасын қамтиды.

Депозиттік саясат – банктік саясаттың құрамдас бөлігі ретінде банктің депозиттік операцияларын дұрыс ұйымдастыруға бағытталған шаралардың жиынтығын білдіреді. Кең мағынасында депозиттік саясатты депозит қызметін көрсетуші мен салым иелері арасындағы қатынасты реттеу құралы ретінде қарастыруға болады. Тар мағынасында, бұл кез келген коммерциялық банктің депозиттік операцияны ұйымдастыру барысындағы банктің стратегиясы мен тактикасын сипаттайды.

Коммерциялық банктердің депозиттік саясатының басты мақсаты – ҚР заңына сәйкес депозиттік операциялардың жүргізуде банктердің бар мүмкіндіктерін пайдалану және өтімділіктің қажетті дейгейіне қолдау көрсету.

Негізінен депозиттік саясаттың мақсаты – олардың активтері мен пассивтерінің үйлесімділігі мен тиімділігін қолдану үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшалай қаражаттарын тартуды оңтайлы басқару болып табылады.

Коммерциялық банктердің негізгі қызметі – салымдарды тартумен байланысты салым операциялар болғандықтан, осы операцияларды жүргізуде банктер өз кәсіби шеберліктерін, заңдық, әдістемелік, техникалық негіздерін және тағы басқа тұстарды әр уақытта жетілдіріп отыруы қажет.

Депозит – бұл тұтынушылардың банктегі жеке шоттарына салған және өздері пайдалана алатын қаражаттар. Енді еліміздегі көп банктердің алғашқы жарнасы 15 000 теңгеден басталады. Ал мерзімі бір жылдан бастап, әрі қарай қалағаныңызша жалғастыруға болады. Бүгін елдегі танымал банктердің депозит үшін ұсынатын ережелеріне шолып өтсек. Қазір барлығы ақша жинау үшін банктің көмегіне жүгінетіні рас. Осы орайда, алдымен депозит дегенімізге түсінік берсек.

Депозит – бұл тұтынушылардың банктегі жеке шоттарына салған және өздері пайдалана алатын қаражаттар. Енді еліміздегі көп банктердің алғашқы жарнасы 15 000 теңгеден басталады. Ал мерзімі бір жылдан бастап, әрі қарай қалағаныңызша жалғастыруға болады. Бүгін елдегі танымал банктердің депозит үшін ұсынатын ережелеріне шолып көрейік.

«Халық банк». Сіз банк бөлімшелеріне келмей-ақ myhalyk.kz сайтында онлайн түрде депозит рәсімдей аласыз. Негізі көпшіліктің айтуынша, ең сенімді банктің бірі «Халық банкі», өйткені сыйақы мөлшері көп өзгеріске түспейді. Әрі оның мөлшері сіздің депозитіңіздің сақталу мерзімімен байланысты өзгеріп отырады. Банкте депозиттің бірнеше түрі ұсынылады. Соның ішінде «Налық – керемет» депозитінің ең төменгі мөлшері 5000 теңге. Салым мерзімі 3,6,9, 12 айға жүргізіледі. Олардың жылдық сыйақысы тиісінше 3,6, және 9 айға (9%) болса, бір жылға (11%) пайызды көрсетеді.

«Kaspi банкте» бар болғаны 1000 теңгемен депозит аша аласыз. Оның мерзімі 1 айдан 2 жылға дейін болуы мүмкін. Бірақ қандай мерзімге рәсімдегеніңізге қарамастан оның жылдық сыйақы мөлшері - 12% құрайды. Ал депозитке ақша салу немесе алу операцияларын мобильді қосымша арқылы жүзеге асыра беруге болады.

Қазіргі уақытта депозиттердің жағдайын тұрақтандыру үшін:

1. Банктің өз өтімділігін мемлекеттің араласуынсыз-ақ, өзі қамтамасыз етуі.
2. Депозиттер көлемін ұлғайту, тәуекел деңгейін азайту, өтімділікті бір қалыпты ұстап тұру.
3. Халықтың әл-ауқатын көтеру.
4. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру және әрбір өңірде кәсіпкерлікті дамыту. Банктің депозит қызметін жетілдіру жолдары:
5. Әлі де болса, депозит мерзімін қысқартып, пайыз ставкасын көтеру.
6. Клиенттерді ынталандыру мақсатында лотерея, акция, құнды сыйлықтар және т.б. мәдени іс- шараларды өткізу.
7. Депозитке салынған ақша қаражаттарын, бағалы қағаздарды, асыл тастарды сақтайтын сейфтерді және басқа қорғаныс жүйелерін соңғы үлгідегі жүйемен қамтамасыз ету.
8. Депозит түрін көбейту.
9. Депозит иелерінің санын өсіру мақсатында депозиттік операция түрлерін ұлғайтып, қосымша қызметтер көрсетіп, жеңілдіктер жасау.

Ендеше, депозиттік саясат банктің алдағы уақытта қызмет етуіне елеулі әсер ететініне, жалпы айтқанда, оның қызмет етуінің негізі болып табылатынына тағы бір мәрте көз жеткізген дейміз. Бүгінде алымдар бойынша жеке тұлғаларға кепілдендірілген қайтару сомасының деңгейі 10 млн дейін жетіп отыр. Яғни, коммерциялық банктердің өтімділігі

тікелей ондағы депозиттік ресурстардың неғұрлым көп болуымен байланысты, ал бұндай ресурстарды жинақтау банктің депозиттік саясатына байланысты болады. Осы себептерге байланысты екінші деңгейлі банктерде депозиттік саясат жүргізу мәселесіне үлкен көңіл бөліп, оның дұрыс ғылыми негізделіп жасалуын үнемі бақылап, қадағалап отыру қажет.[4]

Еліміздің Президенті, кемеңгер көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың күні кешегі қазақстандықтарға арнаған Жолдауын оқыған болатынмын. Елбасының Жолдауда баса назар аударған мәселесі – жастар мәселесі. Жастар – ұлт болашағы болғандықтан, қай заманда болса да қоғамның басты тұлғасы. Жастар кез-келген әлеуметтік қатынастарда, рухани игіліктерде маңызды орын алады. Елбасы ел назарына әркез жас буын – жастар өкілдеріне қажетті бағдарламалар мен бастамаларды ұсынды. 2019 жылды «Жастар жылы» деп бекітті. Қазіргі уақытта дейін қай салада болмасын жастарға арналған кешенді бағдарламалар оң нәтижесін беруде. «Болашағы – біртұтас елміз» деп ұрандатқан қазақ елінің көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайын Қазақстан халқына Жолдау арнауды үрдіске айналдырған. Әр Жолдауында халықтың әлеуметтік хал-ахуалын, тұрмыс-тіршілігін, елдің экономикалық даму деңгейін жақсартуға бағытталған бірқатар шараларды қабылдайды. Мемлекет басшысының алғашқы бағыты – қаржы секторын тұрақтандыру.

«Біздің маңызды міндетіміз – қаржы жүйесін жылдам тұрақтандыру, оны жаңа жаһандық нақты ахуалға сәйкестендіру. Біріншіден, қаржы секторының теңгенің еркін бағамы жағдайында тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Мұндағы қағидатты сәт сол, Ұлттық валютаның бағамына Ұлттық қор қаржылары есебінен шексіз қолдау көрсету тәжірибесіне қайта оралу болмайды. Ұлттық банк секторының барлық субъектілеріне жұмыс істемейтін несиелер бойынша стресс-тестілеу жүргізуі қажет. Оның нәтижелері бойынша оларды мойындау және есептен шығару жөнінде шаралар қабылдау керек. Капиталдандыру проблемаларын шеше алмаған банктер қаржы жүйесінен «кетуі тиіс», деген Елбасы сөзі елдің ертеңгі күнге деген сенімін арттырды.

Қорыта келе, коммерциялық банктер жинақ ақшаны кейіннен түрлі экономикалық әлеуметтік мақсаттарға пайдаланып, жинақтауды қамтамасыз ете отырып, экономикалық барлық секторлар үшін аса маңызды қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Қазіргі уақытта банктер салымшыларды тарту бойынша түрлі қызмет көрсетулердің кең аясын ұсынады. Салымшылардың қызығушылығын арттыру үшін салымдарды индекстеу механизмін жетілдіру қажет. Салымдардың өсуі олардың нарықтық қатынастағы ең қарқынды қаржы нарығының сегменті екенін көрсетеді. Айтарлықтай өсуге қарамастан, депозиттік қызмет көрсету нарығының одан әрі өсуі үшін елеулі әлеуеті бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Екінші деңгейлі банктердегі бухгалтерлік есеп» оқу құралы /Қалғұлова Р.Ж. 376
2. «Коммерциялық банктер операциялары» Оқу құралы /Мақыш С.Б. Алматы 2002 ж
3. Ғ.С. Сейітқасымов жетекшілігімен: Банк ісі. Оқулық /. Астана: 2017
4. «Депозиты как показатель доверия банковской системы» /Экономикалық шолу 1326